

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Этикалық комиссия мәжілісі
№ 8 хаттама

Түркістан қаласы

29.03. 2021
Сағат: 10:00

Өтетін орны: мәжіліс залы

Қатысқандар: Этикалық комиссия төрағасы К.Беркимбаев
Этикалық комиссия төрағасының орынбасары: Е.Керимбеков
Этикалық комиссия мүшелері: Медицина саласы бойынша: Ы.Молдалиев – м.ғ.д., профессор, Ш.Сейдинов – м.ғ.д., профессор, И.Ишигов – м.ғ.д., профессор, Л.Алимбекова-м.ғ.к., доцент, Энгин Керем Акпынар- PhD

Мәжіліс хатшысы: PhD, доцент м.а. А.Куралбаева

Күн тәртібі:

1. 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының PhD докторанты Ермаханова Жанар Акбаровнаның «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (МСАК) оңтайландыру» тақырыптағы диссертациялық жұмысына катысты жүргізілген сауалнамасы туралы

Этикалық комиссия төрағасы К.Беркимбаев: Сәлеметсіздерме, құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі мәселеге катысты барлық құжаттар сіздерге ұсынылды. Құжаттармен танысып, өз ойларыңызды ортаға салуларыңызды сұраймын.

Медицина саласы бойынша комиссия мүшесі Ш.Сейдинов – м.ғ.д., профессор: егде және қарт жастағы тұрғындар арасында жүргізілген көлденең обсервациялық социологиялық зерттеу жұмысы стандартталған халықаралық SF-36 сауалнамасын қолдану арқылы жүзеге асырылған.

Ізденуші жұмысында қолданылған халықаралық SF-36 сауалнамасы 36 бөлімнен 8 бірлікке біріктірілген: физикалық қызмет, рольдік жұмыс, ауырсынуы, жалпы денсаулық, өміршеңдік, әлеуметтік қызмет, эмоциялық жағдай және психикалық денсаулық көрсеткіштері. Әр бірліктің көрсеткіші 0 және 100 аралығында бағаланған. Нәтижелер 8 бірліктің балдық бағалауымен есептеледі, яғни неғұрлым жинаған баға жоғары болса, соғұрлым ӨСС жоғары деп есептелінген.

Медицина саласы бойынша комиссия мүшесі Ы.Молдалиев – м.ғ.д., профессор: 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының PhD докторанты Ермаханова Жанар Акбаровнаның «Оңтүстік Қазақстан

облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (МСАК) оңтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына арналған. Сауалнама сұрақтары егде және қарт жастағы тұрғындардың созылмалы аурулары ӨСС едәуір төмендетеді. Емнің тиімділігін бағалау үшін, клиникалық – лабораториялық тексерулермен қатар, пациенттің жалпы жағдайы мен субъективті сезімдерін бағалау маңызды болып есептеледі. Сондықтан, емдеу тиімділігі мен емдік реабилитациялық бағдарламаларды жоспарлауда ӨСС зерттеу өте маңызды болып есептеледі. ӨСС бағалау үшін қолданылатын сауалнамалардың тиімділігін бағалау егде және қарт жастағы тұрғындар үшін ең тиімдісі – SF36, яғни Халықаралық стандартталған сауалнама SF 36 сауалнамасы болып есептеледі.

Этикалық комиссия төрағасы К.Беркимбаев: пікірлеріңізге рахмет. Зерттеу жұмысын орындау кезінде жоспарлау, бағалау, ғылыми-зерттеу нәтижелерін іріктеп алу және тарату барысында ешқандай тәртіп бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЭТИКАЛЫҚ КОМИССИЯ

Шешімі:

Ұсынылған құжаттарды зерделеу нәтижесінде 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының PhD докторанты Ермаханова Жанар Акбаровнаның «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (МСАК) оңтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына қатысты жүргізілген социологиялық зерттеу сауалнама әдісімен 2017 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы аймағының 60 жастан асқан созылмалы аурулармен сырқаттанатын тұрғындарының ӨСС бағалау мақсатында медициналық-элеуметтік сауалнама жүргізілген. Сауалнаманың жүргізілуіне оң қорытынды беру жөнінде шешім қабылдансын.

Комиссия төрағасы

Мәжіліс хатшысы



К.М.Беркимбаев

А.Куралбаева